



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлығасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

принимать осознанные и эффективные инструменты для развития своих творческих и интеллектуальных потребностей.

Список литературы:

1. Анисимов О.С., Глазачев О.С. Сущность понятия "здоровье" в рамках логико- методологического подхода [Текст] //Вестник Международной академии наук -2012. № 2. с. 006-012.
2. Быховский, Я. С. Образовательные веб-квесты [Электронный ресурс] / Я. С. Быховский // Информационные технологии в образовании-99. – Режим доступа: <http://ito.edu.ru/1999/III/1/30015.html>
3. Воробьева М.А., Кузнецова И.Н., Фомичева Е.А.Образовательныйквест – современная интерактивная технология [Текст] // Актуальные проблемы преподавания в начальной школе. Киришские чтения Материалы Всероссийской научно-практической конференции/2017. С. 93-96.
4. Гайдук Е.Ю., Харитонов М.Г. Формирование здорового образа жизни у учащихся начальных классов сельской школы[Текст]/Вестник Чувашского государственного педагогического университета им. И.Я. Яковлева. 2012. № 1-1 (73). С. 24-29.
5. Дик, Н.Ф. Как сохранить и укрепить здоровье младших школьников: здоровьесберегающие технологии обучения и воспитания в начальных классах [Текст] – Феникс,2009. – 357 с.
6. Додонова, Л. П., К вопросу определения сущности понятия «здоровый образ жизни» [Текст] / Л. П. Додонова // Формирование здорового образа жизни населения:Сб. материалов IV Всеросс. научн. – практ. конф. – Тюмень: Изд-во «Вектор Бук», 2006. С. 21-23
7. Дупленский С.В., Иванова М.Е. Образовательный квест как способ развития творческого мышления учащихся [Текст] //Современные проблемы науки и образования. 2018. № 3. С. 132.
8. Игумнова Е.А., Радецкая И.В. Квест-технология в контексте требований ФГОС общего образования // Современные проблемы науки и образования. – 2016. – № 6. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: – <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=25517>
9. Кононыхина Л.Н., Матвеева Д.А., Трухачева Л.В., Калашникова Н.И. Урок-квест как педагогическая информационная технология и дидактическая игра, направленная на овладение определенными компетенциями [Текст] // Актуальные проблемы социально-гуманитарных наук Сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции.–2017. С. 54-57.
10. Леонтьева, С.С. Квесты для младших школьников. Методическая разработка [Текст] / Ленинградская областная детская библиотека; сост. С.С. Леонтьева. – Санкт-Петербург, 2017. –44 с
11. Осяк, С.А., Султанбекова, С.С. Образовательный квест– современная интерактивная технология. [Текст] /Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 1 (часть 2)
12. Щелина Т. Т., Чудакова А. О. Потенциал квеста как педагогической технологии формирования у подростков установки ведения здорового образа жизни [Текст] // Молодой ученый. – 2014. – №21.1. – С. 146— URL<https://moluch.ru/archive/80/13817/>(датаобращения:30.09.2018).

ӨОЖ 373

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОЙ-ПІКІРЛЕРІНІҢ
«ӘЛІППЕ» ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫНДАҒЫ ОРНЫ**

Сарсенбаева Гүлназ Хамидоллаевна
Абай ат.ҚазҰПУ PhD докторанты
Алматы қ., Қазақстан
E-mail: gulnazsarsenbayeva09@gmail.com

Жумабаева Азия Елеупановна
Абай ат.ҚазҰПУ Бастауыш білім беру
кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор,
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде құрастырылған «Әліппе» оқулығы туралы қарастырылады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік ой-пікірлерінің «Әліппенің» құрылымы мен мазмұнындағы орны туралы сипатталады. Әліппеде оқу материалдарын сұрыптау мен орналастыруда Ахмет Байтұрсынұлының сөздегі дыбыспен жаттығу; әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу; оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту; білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу ұстанымдары басшылыққа алынғандығы сөз болады. Ұлы ағартушы ұсынған дыбыстық жалқылаулы-жалпылаулы әдісі, оның ішінде «Шағын сөзді», «Жазу-оқу», «Дыбысты әдіс» түрлерінің

тиімділігі жайында айтылады. Ахмет Байтұрсын ұлының «Әліппе» оқу бағдарламасында басшылыққа алынған әдістемелік ой-пікірлерінің түпнұсқаларымен қазіргі оқулықтағы және оқу бағдарламасындағы қамтылуына салыстырмалы талдау жасалады.

Түйін сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, «Әліппе» оқулығы, дыбыстық жалқылаулы-жалпылаулы әдісі.

Аннотация

В статье рассматривается об учебнике «Әліппе», который составлен на основе методики Ахмета Байтұрсынұлы. Описаны методические идеи учителя нации Ахмета Байтұрсынұлы и их место в структуре и содержании «Әліппе». Речь идёт о руководстве принципов Ахмета Байтұрсынұлы при отборе и размещении учебных материалов в учебнике «Әліппе» таких как: упражнения со звуком в слове; учитывать роль каждого звука в словообразовании; переход от простого к сложному; самостоятельное приобретение знаний на практике. Говорится об эффективности предложенного великим педагогом звукового частно-обобщающего метода, включающего в себе приемы «Маленькие слова», «Письмо и чтение», «Звуковой метод». Проведён сравнительный анализ между оригиналами методических идей Ахмета Байтұрсынұлы и содержанием действующего учебника «Әліппе» и учебной программы.

Ключевые слова: Ахмет Байтұрсынұлы, учебник «Әліппе», звуковой частно-обобщающий метод.

Abstract

The article discusses the textbook "Alippe", which is based on the methodology of Ahmet Baitursynuly. The methodological ideas of the great teacher of the nation Akhmet Baitursynuly and their place in the structure and content of "Alippe" are described. We are talking about guiding the principles of Akhmet Baitursynuly in the selection and placement of educational materials in the textbook "Alippe" such as: exercises with sound in a word; take into account the role of each sound in word formation; transition from simple to complex; independent acquisition of knowledge in practice. Opinions were expressed about the effectiveness of the sound private-generalizing method proposed by the great teacher, including the types "Small words", "Writing and reading", "Sound method". A comparative analysis was carried out between the originals of the methodological ideas of Akhmet Baitursynuly and the content of the current textbook "Alippe" and the curriculum.

Key words: Akhmet Baitursynuly, textbook "Alippe", sound private-generalized method.

Бастауыш білім беру оқытудың барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және оқушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған [1]. Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіннің бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде «Әліппенің» рөлі өте зор. «Әліппе» баланың сауатын ашып, оқуға, жазуға, сөйлеуге үйрететіндігі, ішіндегі сурет, өлең, мәтіндердің жадына мызғымай жатталып қалатындығы балалық шағымыздан белгілі.

2020 жылы ҚР Білім және ғылым министрінің тапсырмасымен «Әліппе» оқулығы құрастырылды, 2021 жылы қолданысқа енгізілді. «Әліппе» оқулығын құрастыру Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесіне негізделді. «Әліппе» пәнінің мақсаты – әріп таныту, оқу мен жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін ұлттық рухани құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру. Әліппеде оқу материалдарын сұрыптау мен орналастыруда Ахмет Байтұрсынұлының сөздегі дыбыспен жаттығу; әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу; оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту; білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу ұстанымдары басшылыққа алынған [2, 3 б].

Әліппені оқыту мәселесінің тарихи қалыптасуын зерделеу арқылы Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Е. Омарұлы, С.Кеңесбаев, Ә. Садуақасов, Ғ. Бегалиев, М. Жұбанова, С. Рахметова, Ә. Жұмабаевалардың зор еңбек сіңіргендігін көруге болады. Аталған ғалымдардың еңбектері бірінші сыныпта «Әліппені» оқытуда елеулі орын алды. Сонымен қатар, С.Рахметова, Т.Әбдікәрімова, Ә.Жұмабаева, Н. Молдабекова және т.б. ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік ой-пікірлерін өз ғылыми еңбектерінде қарастырып, бірқатар әдістерін тәжірибеде қолданған.

Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің ізбасары, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы бастауыш мектеп оқушыларының сауатын ашу мәселесінде қазақ даласына ерекше жаңалық әкелді. Ол араб графикасына негізделген сол кезеңдегі жаңа қазақ алфавиті мен емлесін жазып, балалардың сауатын ашуға арналған «Әліп-би» оқулығын жазды. Бұл орайда Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: «Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақшы. Олай болса, әліпби

сынға түсіп, жақсы, жаман жағы тексерілуге әбден келетін нәрсе болып шығады. Қазақ әлдақашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа арнап таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, үйрету жағынан орыстікінен, немістікінен, француздікінен, ағылшындікінен оңай... мұны ешкім бекер деп айта алмайды» [3, 17 б.].

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған тұлға болғандығын оның қаламынан шыққан қыруар еңбектері дәлел болады. Мәселен, «Оқу құралы» (Қазақша әліппе) атты кітабы алғаш рет 1912 жылы Орынборда жарыққа шықты. Бұл еңбегі 1912-1925 жылдар аралығында 9 рет қайта басылып, қазақ қоғамында ұзақ қолданыста болды. Сондай-ақ, «Оқу құралының» (Әліппеге жалғасы) 2 кітабы 1913 жылы жарық көріп, 1924 жылға дейін 4 рет басылып шығады. Одан кейінгі «Оқу құралының» (Әліппеге баяншы) 3 кітабы 1913-1921 жылдар аралығында 2 рет жарық көреді. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектепке қатысты «Қайәдіс жақсы?», «Жалқылауәдіс», «Жалқылаулы-жалпылаулыәдіс» жәнет.б. мақалаларымен «Баяншы», «Тіл жұмсар» атты әдістемелік құралдары күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Әліп-би», «Жаңа әліппе», «Баяншы», «Тіл жұмсар», «Тіл тағылымы» еңбектерін зерделеу нәтижесінде пайда болған ойларымызды тұжырымдап, келесі әдістерін сипаттамақшымыз: дыбыстық жалқылаулы-жалпылаулы әдісі, оның ішінде «Шағын сөзді», «Жазу – оқу», «Дыбысты әдісі».

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы балалардың сауатын ашу жұмыстарын жетілдіруде негізгі жаңалығы дыбыстық жалқылаулы – жалпылаулы әдісті қазақ топырағында қолдану жолдарына нықтаған. Ғалымсалат ашуда қазақ халқының тілінің төл табиғатына, қазақ балаларының ұлттық сана-сезіміне сай келетін ұтымды әдістерді саралап, олардың пайдалану жолдарын көрсеткен: «Әдіс – керектіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы, жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісіналсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болван әдіс, екінші жұрттың да сауаттану ісіне қолайлы болуға тиіс деп. Айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бурдей болса, біріне қолайлы болван әдісекіншісіне де қолайлы болуы мүмкін. Егертілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болван сауаттау әдісекіншісіне де жақсыболады деп. Ешкім айта алмайды» [3, 357 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы сауат ашуда дыбыстық жалқылаулы – жалпылаулы әдісті қолданып, осы әдістің артықшылықтары жөнінде терең талдау жасап, он іштей үшкебөледі: шағын сөзді, жазу-оқу, дыбысты әдіс [3, 368 б.].

Ғалымшағын сөзді әдісте оқушыларға суреттер бойынша әңгіме құрастыртып, мақалдар айтқызып және жұмбақтар шешкізіп, оқушылардың сөйлеу тіліне көңіл бөлген. Тақтаға салынған суреттерді оқушыларға дәптерлеріне салғызып, қолдарына қалам ұстауға машықтандырған. Мұғалім тақтаға сөз жазып, сол сөзді оқушылар дәптерлеріне көшіріп, әріптерге бөлген. Мұның барлығы оқушыларды салат ашудың екінші кезеңіне дайындық есебінде іске асты.

Ахмет Байтұрсынұлы шағын сөзді әдісті сабақта қалай қолдану жөнінде мұғалімдерге мынадай кеңес береді: Шағын сөзді әдісте алдыңғы әдістерше не әріпжаттатып, не сөзжаттатып, балалардың басон қатырыпжалықтыружоқ. Жұмыстың бір ұшыоқытушыда, бір ұшыбалалардаболып, бұлардыңбасы білім құятын тек ыдыс есебінде болмай немесе бір жағыадамша, бір жағы машинаша істемей, екіжағы да зерсалып істейтін болады» [3, 369 б.]. Әдіскер ғалымның саралаған әдісін бүгінгі күні бастауыш мектепте салат ашу кезеңіне дейінгі сатысында қолдануға болады. Бұл кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы көрсеткендей, оқушылардыс өйлеуге үйрету, сыныптағы, айналасындағы заттармен құбылыстар жөнінде әңгіме айтқызу, оқушылардың қолдарын қаламды дұрыс ұстауға дағдыландыру және т.с.с.

«Жазу-оқу» әдісі арқылы ғалым оқушыларға оқуды жазу арқылы үйретуге баса назараударған. Ғалым бұл жөнінде былай пайымдаған: «Былай деп. Біреулер жазумен оқу қабат үйретуді айтады, біреулер оқуды жазу арқылы үйретуді айтады. Әдістің затына соңғы мағынада айтулары дұрыс келеді. Өйткені бұл әдісті қолданушылар оқу үйретуді оқудан бастау дұрыс емес, жазудан бастау дұрыс» [3, 369 б.].

Жалқылаулы – жалпылаулы әдісінің соңғы үшіншісі – дыбысты әдісті қолдану барысында оқушылармен әңгімелесу, оқу-үйретуге даярлайтын жұмыстарды жүргізу, сөзден дыбыстарды айырып шығару, әріптермен таныстыру, білген әріптерінен сөз құрау, он оқу реттілігі қамтылады.

Ахмет Байтұрсынұлы оқушылардың сауатын ашуда түрлі жұмыстарды белгілі бір жүйемен жүргізген. «Әліппе» оқулығында алдымен оқушыларға а, р, з әріптерін үйрете отырып, сол әріптер кездесетінс өздерді береді. Мұның мәнісін ғалымның өзі былайша түсіндіреді: «... Әр жаңа харіп үшін дуелі сол жаңа харіп келетін қысқа – қысқа сөздерді айтып, дыбысын айырту. Екінші, үйрететін дыбыстың хәріпін кеспе әліппеден алып, яғни тақтайға жазып көрсету, үшінші, ішінде сол хәріп бар сөздерді оқыту, жазғызу, төртінші, жазғандағы қаталарын балалардың көзінше түзету» [3, 333 б.]. Мысалы, алғашқы

сабақта оқушыларға а, р, з әріптерін үйретіп, сонан кейін «ар», «ара», «араз», «аз», «аза», «азар», «зар» сөздерін жаздыруға болады.

Қазіргі «Әліппеде» Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппелеріндегі» озықұлгілер: тез сөз құрауға бағытталған әріптерж үйесі, дыбыспен жаттығу, сөзден сөздер тудыру әдісі, орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құрау (Байтұрсынұлынша «Қайсысын қайда қою») жаңа «Әліппе» оқулығы тұжырымдамасының егізіне алынып, қазіргі балалардың қызығушылығымен дүниетанымынаи кемделіп қолданылды. Еш қиындықсыз, яғни баланың дыбыспен әріпті танып, түсіні поқу, сауатты жазу дәрежесіне жетуіне арналған тапсырмалармен сұрақтар жүйесі қолданылды. Әліппедегі 9-12-сабақтар материалдары Ахмет Байтұрсынұлының сөздегі дыбыспен жаттығу ұстанымы негізінде құрастырылып, сабан мақсаттары дыбыспен жаттығу әдісі негізінде анықталған. Дыбыспен жаттығудың сабан мақсаттарымен тапсырмалары әдіскер ғалымның «Дыбыспен жаттығу» еңбегінде көрсетілген «дуелі балаларға әртүрлі дыбыс бар екенін білдіру», «балаларға таныс сөздерді алып, олардың ішіндегі қандай дыбыстар барын айырту», «бөлек-бөлек дыбыстарды тіздіріп, сөз айтуды білдіру», «сөз ішіндегі дыбыстарды, екі, үш буынды сөздің, тұтас сөздің ішіндегі дыбыстарды айырту», «дыбыстарды қосып, сөз айтуды үйрету» әдістемелік талаптарының негізінде құрастырылған [2, 3 б.]. Және де, «Әліппені» оқытуда талдау тәсілі бойынша сөйлеуден сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөліп алуға, жеке дыбыстарды әріптермен таңбалауға мүмкіндік жасалып, оқуға негіз қаланады. Жинақтау тәсілі бойынша дыбыстардан буын, буындардан сөз, сөздерден сөйлем, сөйлемдерден сөйлеу құрастырылып, оқу дағдысы қалыптасырылады; оқушылар сөзді алдымен буындап, соңынан тұтас оқуға үйренеді, сол сияқты алдымен, жеке жазу элементтеріненә ріптердіш ығарып, одан тұтас сөздерді жаза білуге дағдыланады, соның нәтижесінде сөйлемді, мәтінді оқуға, көшіріп не тыңдап жазуға, сондай-ақ өз ойын байланыстырып сөйлеуге, жазуға біртіндеп төселеді.

Кесте 1

«Әліппе» оқу бағдарламасында басшылыққа алынған Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік ой-пікірлері

Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік ой-пікірі	Қазіргі «Әліппе» оқу бағдарламасындағы орны
«Әліп-би кітабының 1-бетінде тұрған сүгіретті оқытушы тақтайға салады да, сол нәрсенің жайынан әңгіме қозғайды. Әңгіме балаларды қозғайды. Балалар мен оқытушы әңгімелесе-әңгімелесе барып, сол нәрсетурасындағы жұмбақтар, өлеңдер сияқты нәрселерді айтқызады немесе сөзі айтады. Бұл әңгіменің пайдасы: сөйлесуге бойын да, тілін де үйретеді. Салынған сүгіретті балалар дәптеріне көшіреді. Бұл көшіру балаларды сүгірет салуға үйрету емес, ... қарындаш ұстауға қолдары үйренеді»	<i>«Шағын сөзді» әдісі бойынша:</i> Сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыстуралық арапайым түсінік қалыптастыру.
«... дуелі балаларға әртүрлі дыбыс бар екенін білдіру, екінші балаларға таныс сөздерді алып, олардың ішінде қандай дыбыстар барына айырту. Мұнан соң екі буынды сөздің ішіндегі дыбыстарды айыруды үйрету, бұларда балаларды сөздің буынымен таныстыру керек. Ол үшін екі буынды, үш буынды сөздерді алып, созып айту. Созып айтқанда, сөз буын-буыннан бөлініп кетіледі. Сөзішіден еше буын бар екенін білу балаларға қиын болмайды. Үшінші, бөлек-бөлек дыбыстарды тіздіріп, сөз айтуды білдіру.	<i>Дыбыспен жаттығу әдісі бойынша:</i> Дыбыспен жаттығу. Тілімізде әртүрлі дыбыс бар екенін білдіру, балағатаныс сөзішідегі дыбыстарды айыру, сөзді созып айту арқылы неше буын бар екенін анықтау, сөздерді буынға бөлуге дағдыландыру, екі, үш буынды сөзішідегі дыбыстарды айыру, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, дыбыстарды, буындарды қосып, сөз айтуды дағдыландыру.
Балалар дыбыспен оқып жүрген уақытта оларға хәріптердің сүгіреттерін жаздырып үйрету керек. Мысалы: .(ноқат), ..(қатар ноқат), :(қабат ноқат), (үш ноқат), (жоғарғы), (төмендегі), (таяқ), (тұтқа), (ілгекті тұтқа), (қармақ), (шеңбер), (ілгекті шеңбер), (тұяқ), (шанабас), (шақша), (шоқпар), (ирек), (құстұмсық), (таға), (ашық ауыз), (шәйнек иін), (ожау), (шығыршық), <i>бұларды хәріп деп жаздыру емес, жазылған әрқайсысының атымен жаздыру яғни суретін салдыру.</i> Мысалы: ноқат, қармақ, тұтқа, басқа да.	<i>Жазуға даярлау:</i> Бояу, сурет салу, түрлі бағытта сөздерді жазу, сұлбасызу, әріп элементтерін жазу.
1. Балалармен әңгімелесу.	<i>«Дыбысты әдісі» мен «жалқылаулы-</i>

<p>2. Оқу үйретуге даярлайтын жұмыстар. Оқу-үйретуге даярлайтын жұмыстар.</p> <p>3. Сөзден дыбыстарды айырып шығару. Сөзден дыбыстарды айырып шығару.</p> <p>4. Әріптермен таныстыру. Әріптермен таныстыру.</p> <p>5. Білген әріптерінен сөз құрау, соны оқу («Тіл тағылымы», 370 б.). Білген әріптерінен сөз құрау, соны оқу» [5, 370 б.]. «... Әр жаңа хәріп үшін дуелі сол жаңа хәріп келетін қысқасөздерді айтып, дыбысына йырту. Екінші, үйрететін дыбыстың хәріпін кеспеліппен алып, яғни тақтайға жазып көрсету; үшінші, ішіндесол хәріп бар сөздерді оқыту, жазғызу; төртінші, жазғандағы қаталарын балалардың көзін шетүзету» («Тіл тағылымы», [6 б.333]</p>	<p>жалпылаулы әдісі» бойынша:</p> <p>1) дыбысты әдісарқылы жаңа дыбыспен әріптаныту;</p> <p>2) дыбысты қалдаудағы дыбыларын дамыту: мәтіннен/сөйлеуден сөйлемді, сөйлемнен жаңа үйретілетін дыбысы бар сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөліп алу;</p> <p>3) дыбысты дұрыс айтуға жаттықтыру;</p> <p>4) естілген дыбыстардың типтерін, яғни фонемаларды ажырата білуге үйрету;</p> <p>5) жеке дыбыстарды әріптермен таңбалау: әріптердің баспа және жаба түрлерін үйрету;</p> <p>6) дыбысты қинақтаудағы дыбыларын дамыту: дыбыстардан буын, буындардан сөз, сөздерден сөйлем құрауға, жазуға үйрету.</p>
---	---

Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлы оқушылардың сөйлеу тілдерін дамытуға, олардың сөздік қорларын молайту жұмыстарына ерекше мән берген. Оқушыларға мақал-мәтелдер жаттатқызып, жаңылтпаштар оқыта отырып, сөздерді өзара байланыстыру жолдарын меңгерген. Ғалымның еңбектерінде оқушылардың тілін дамытуда түрлі мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар берілген. Ахмет Байтұрсынұлының: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибе білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беруінен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру» [3, 336 б.] деген пікірі бірінші сыныпта салат ашу жүйесін жетілдіру әдістемесінің негізгі тұжырымы болып саналады. Ғалым «Тілжұмсарда» оқушылардың сауатын ашу ісі балалардың өздері бұрыннан меңгерген сөз мағыналары туралы түсініктеріне сүйене жүргізілуі қажеттігін айтады.

Сонымен, бірінші сынып оқушыларына арналған қолданыстағы «Әліппе» оқулығында Ахмет Байтұрсынұлы негізін салған дыбыстық жалқылаулы-жалпылаулы әдісі, оның ішінде «Шағын сөзді», «Жазу-оқу», «Дыбысты әдісін» қолдану ұстанымы басшылыққа алынғандығын, ал бұл әдістерді қолданушы қауымның, яғни педагог тер мен студенттердің терең білуі өте маңызды екендігін айтқымыз келеді.

Қорытындылай келе, «Әліппенің» құрылымы мен мазмұнында оқу материалдарын іріктеу және орналастыруда Ахмет Байтұрсынұлының сөздегі дыбыспен жаттығу; әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу; жеңілден күрделіге өту; білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу ұстанымдары басшылыққа алынғандығын, оның ішінде «дыбысты» және «жалқылаулы» әдістерін қолдану арқылы мәтін құрамындағы сөйлем, сөз, буын, жаңа дыбыспен оның таңбасы әріп танытылатындығын, «жалпылаулы» әдісі арқылы дыбыстардан буын, буындардан сөз, сөздерден сөйлем, сөйлемдерден мәтін құрастырылатындығын, «Әліппеде» бұл үдеріс жаңа сөздерді оқу, сөз құрау, сөйлем құрау, орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құрастыру тапсырмалары арқылы жүзеге асатындығын еске саламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.
2. Әліппе: Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған/Жұмабаева Ә.Е., Сабденова Б.А., Жұмабаева Ж.А., Жамалова І.К. – Алматы: Атамұра, 2021. – 272 б.
3. Байтұрсынұлы Ахмет. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
4. Байтұрсынұлы Ахмет. Әліп-бій. Балаларға арналған оқулық. – Қызыл-Орда, 1926. – 116 б.
5. Байтұрсынұлы Ахмет. Баяншы. Мұғалімдерге арналған әдістемелік оқу құралы. – Қызыл-Орда, 1928.
6. Байтұрсынұлы Ахмет. Тілжұмсар. Мұғалімдерге арналған әдістемелік оқу құралы. – Қызыл-Орда, 1928.